

Дюсекеева Е.Т. ^а

Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНДАҒЫ ТУРИЗМДІ ДАМУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘСЕРІ

Дюсекеева Еркегуль Талгатовна

Ақмола облысындағы туризмді дамытудың экономикалық әсері

Аңдатпа. Бұл мақала Ақмола облысындағы туризмді дамытудың экономикалық тиімділігін зерттеуге бағытталған. Соңғы онжылдықтарда туризм облыс экономикасының дамуының маңызды факторына айналды. Зерттеуде туристердің келу статистикасы, туристік табыс, туризм индустриясындағы жұмыспен қамту және басқа да тиісті көрсеткіштер бойынша мәліметтерді жинау және талдау әдістері қолданылады. Талдау туризмнің өңірдегі кірістер мен жұмыс орындарының деңгейіне әсерін, сондай-ақ оның облыс бюджетіне қосқан үлесін бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері туризмді дамыту саласында шешімдер қабылдауға және Ақмола облысына туристерді тарту стратегиясын қалыптастыру үшін пайдалы болады, сол арқылы осы аймақтың тұрақты экономикалық дамуына ықпал етеді.

Түйін сөздер: Туризм индустриясы, аймақтық даму, экономикалық тиімділік, тұрақты даму.

Dyussekeyeva Yerkegul Talgatovna

Economic effect of tourism development in the Akmola region

Annotation. This article is aimed at studying the economic effect of tourism development in the Akmola region. In recent decades, tourism has become an important factor in the development of the regional economy. The study uses data collection and analysis methods, including statistics on tourist attendance, tourism income, employment in the tourism industry, and other relevant indicators. The analysis allows assessing the impact of tourism on the level of income and jobs in the region, as well as its contribution to the budget of the region. The results of the study will be useful for making decisions in the field of tourism development and formulating a strategy for attracting tourists to the Akmola region, thereby contributing to the sustainable economic development of this region.

Key words: Tourism industry, regional development, economic efficiency, sustainable development.

Дюсекеева Еркегуль Талгатовна

Экономический эффект развития туризма в Акмолинской области

Аннотация. Данная статья направлена на исследование экономического эффекта развития туризма в Акмолинской области. В последние десятилетия туризм стал важным фактором развития региональной экономики. В исследовании применяются методы сбора и анализа данных, включая статистические данные о посещаемости туристами, доходах от туризма, занятости в туристской отрасли, и другие соответствующие показатели. Анализ позволяет оценить влияние туризма на уровень доходов и рабочих мест в регионе, а также его вклад в бюджет области. Результаты исследования будут полезными для принятия решений в сфере развития туризма и формулирования стратегии привлечения туристов в Акмолинскую область, способствуя тем самым устойчивому экономическому развитию этого региона.

Ключевые слова: Туристская индустрия, региональное развитие, экономическая эффективность, устойчивое развитие.

Кіріспе. Қазіргі таңда туризм аймақтың экономикасының тікелей және жанама әсер ететін кешенді әлеуметтік-экономикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Туризм саласы жоғары дамыған көлік инфрақұрылымын, сапалы қызмет көрсетуін және әлеуметтік саланы дамытуға негізделген. Туризмнің экономикалық және әлеуметтік әсерін зерттеуге арналған Дүниежүзілік туризм және саяхат кеңесі (WTTC) туризм индустриясының әртүрлі елдердің ЖІӨ (жалпы ішкі өнім)-ге қосқан үлесіне талдау жасады. Нәтижелер туризмнің ЖІӨ-ге қосқан үлесі 0,5%-дан 79,4%-ға дейін өзгертін үлкен әртүрлілікті көрсетті [1]. Қазақстанның туризмнен ЖІӨ – 6,2% қаражат айналымы \$7,9 млрд құрайды. Осыған орай туризм экономиканың жоғары табыс әкелетін саласына айналды.

Ақмола облысының туризмін дамыту өңір экономикасын тұрақтандыруда шешуші рөл атқарады, халықтың әл-ауқат деңгейін анықтайды. Туризмнің дамуы экономикаға тікелей және жанама әсер етеді. Ол өз кезегінде туристік ағымдар ұлғаюы тек туристік кәсіпорындардың ғана емес, сонымен қатар басқа салалардан тауарлар мен қызметтерге сұраныстың өсуіне ықпал әкеледі. Бұл жағдай өңірдің экономикасының түрлі салаларының дамуын ынталандырады. Қарастырып отырған зерттеу Қазақстан Республикасы Президентінің Н.Ә. Назарбаевтың 17 қаңтардағы Жарлығында көрсетілген Қазақстанның 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді дамуының стратегиялық міндеттерінде [2], сондай-ақ Ақмола облысының аумақтарын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған бағдарламасында [3] іске асыру шеңберінде сипатталған экономиканың әртараптандырудың негізгі бағыттарына сәйкес келеді. Қазақстан өңірлерінде туризм мен демалысты ұйымдастыру халықтың еңбекпен қамтылуына байланысты мәселелерді шешуге едәуір дәрежеде ықпал ете алады және шағын кәсіпкерлікті дамытуды қолдай алады. Туризмді дамытудың ерекше өзектілігі мәдени және табиғи мұраны сақтау мәселелерімен, сондай-ақ тұрғылықты халықтың дәстүрлі мәдениетін сақтауға назар аударумен байланысты.

Зерттеу мақсаты. Ақмола облысында туризмді дамытудың экономикалық әсерін бағалау.

Зерттеу әдістері мен ұйымдастырылуы. Ақмола облысындағы туризмді дамытудың экономикалық әсерін зерттеуде қолданылған тәсілдер: арнайы әдебиеттерді талдау, статистикалық мәліметтерді талдау, SWOT-талдау.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Туризм саласындағы экономикалық тиімділікті

бағалаудың негізгі принциптері Дүниежүзілік туристік ұйым (ДСҰ) және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) сияқты әлемдік ұйымдардың зерттеулерінде, сондай-ақ шетелдік ғалымдардың еңбектерінде, соның ішінде И.Флетчер, К.Купер [4], П.Дуглас, Д.Стейнс және Д.Фрехтлинг. Бұл зерттеулерде туризмнің тиімділігін, оның экономика мен қоғамға әсерін бағалауға байланысты мәселелер талданды.

Сонымен бірге туризмнің тиімділігі мәселелерін В.И.Азар [5], И.Т.Балабанов [6], В.С.Боголюбов [7], Г.А.Карпова [8] тағы басқа сияқты орыс ғалымдары зерттеді. Бұл зерттеушілер Ресей жағдайында туризмнің экономикалық рөлін түсінуге елеулі үлес қосты және оның тиімділігін бағалау әдістерін әзірледі. Отандық зерттеушілер Нургалиева А.Ш., [9] Абенова Е. А., Муканов А.Х. және тағы басқалары туризмнің экономикаға әсерін зерттеген.

Осы авторлар мен ұйымдардың зерттеулері туризмнің экономикаға әсерін талдау және түсіну үшін, сондай-ақ туристік индустрияның жаһандық және ұлттық деңгейде тұрақты дамуының стратегияларын әзірлеу үшін маңызды негіз болып табылады.

Қазіргі экономикалық әдебиеттерде туристік қызметтің тікелей экономикалық тиімділігін зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Бұл тікелей экономикалық тиімділік аймақтың туризмнен алатын табысының ресурстық шығындарға қатынасы ретінде анықталады. Туристік қызметтен түсетін табыс келесіні қамтиды (1-сурет).


Туризмді дамытуға байланысты шығындар бірнеше негізгі компоненттерді қамтиды:

– Туристік кәсіпорындардың тікелей шығындары: бұл қонақүйлерді орналастыру, мейрамханалар, Көлік және ойын-сауық сияқты туристерге қызмет көрсетумен тікелей байланысты шығындар.

– Туризмді дамыту бағдарламаларын құру және заңнамалық актілерді әзірлеу шығындары: бұл аймақтағы туризмнің дамуына ықпал ететін стратегиялар мен заңдарды әзірлеу және енгізу шығындарын қамтиды.

– Инфрақұрылымның жаңа және ескі компоненттерін құруға кететін шығындар: бұл жолдарды, әуежайларды, порттарды салу және күтіп ұстау, туристерді тарту және оларға қызмет көрсету үшін қажетті басқа нысандарды күтіп ұстау сияқты инфрақұрылымдық жобаларға кететін шығындар.

– Туристік өнімді жылжытуға байланысты шығындар: бұл аймаққа көбірек келушілерді тарту үшін туристік өнімдер мен қызметтерді сатуға, жарнамалауға және жылжытуға кететін шығындар.



1-сурет – Туризмнен түсетін тікелей кірістер

Алайда, туризмнің экономикалық тиімділігін толық түсіну үшін тікелей шығындар мен тікелей кірістерді ғана емес, сонымен қатар туристік қызметтің жанама нәтижелерін де ескеру қажет. Туризмнің дамуы экономиканың сабақтас салаларын да ынталандыруы мүмкін, бұл аймақ үшін жанама оң әсерлерге әкеледі. Бұл жанама нәтижелер қызмет көрсету жұмыс орындарын құруды, бөлшек сауданы дамытуды, инфрақұрылымды жақсартуды және аймақтың инвестицияларға тартымдылығын арттыруды қамтиды. Осылайша, туризмнің экономикалық тиімділігін бағалау аймақтық экономикаға тікелей және жанама әсерлерді ескеруі керек. Бұл жанама әсер келесіде көрінеді:

- қосымша жұмыс орындарын құру;
- халықтың табысын арттыру;
- өңірдегі өмір сүру сапасын жақсарту;
- қоғамды ізгілендіру;
- қосымша жұмыс орындарын құрудан жанама кірістерді қалыптастыру;
- жергілікті халықтың тиімді сұранысын арттыру;
- жаңа нысандарды дамыту және бар тұтынушылық сұранысты кеңейту арқылы тұтыну нарығына әсер ету;
- аймақтың әлеуметтік-мәдени саласының сабақтас салаларын дамыту;
- облыста жұмыспен қамтуды арттыру;
- жергілікті тұрғындардың туристерге көрсететін қызметтері мен тауарларын пайдалануынан жанама кірісті қалыптастыру;
- шалғайдағы және өнеркәсібі нашар дамыған аймақтарды дамыту;

– инфрақұрылымды қалыптастыру және қызмет ету бойынша аймақтық саясаттың мақсаттарына қол жеткізу.

Осы жанама нәтижелерді есепке алу аймақтағы туризмнің экономикалық тиімділігі туралы түсінікті айтарлықтай кеңейтеді және оның экономика мен қоғамға толық әсерін бағалауға көмектеседі.

Жоғарыда аталған аспектілерді зерделеу Ақмола қаласының экономикасындағы туризм саласының экономикалық тиімділігін бағалау үшін кешенді көрсеткіштер жүйесін әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл жүйе өнімділіктің тікелей көрсеткіштерін де, жанама әсер ету параметрлерін біріктіретін болады.

Ақмола облысы ішкі және халықаралық туризмді дамыту үшін айтарлықтай әлеуетті ресурстарға ие. Бұл аймақ туристік ресурстардың сан алуан болуына байланысты туризмнің барлық дерлік түрлерін дамытуға мүмкіндік береді. Облыстың туристік кластеріне 700-ден астам туристік кәсіпорын кіреді (370 орналастыру орны, 45 санаториялық-курорттық мекеме, 178 жол бойындағы қызмет көрсету субъектісі, туристік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар 68 туристік фирма, 3 мемлекеттік ұлттық табиғи парктер Көкшетау, Бурабай, Бұйратау, Қорғалжын мемлекеттік табиғи қорығы, «Бурабай Даму» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (ЖШС). Кластердің мәдени-тарихи сегменті 900 ескерткішпен ұсынылған, олардың көпшілігі мемлекет қорғауында және экскурсиялық бағдарламаларды қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Облыста туроператорлар сәтті жүзеге

асырып, туристік маршруттардың мемлекеттік тізіміне енгізілген 80-ге жуық туристік бағыт бар. Соның ішінде туроператорлар Көкшетау, Бурабай, Зеренді, Қорғалжын және Ерейментау өңірлерінің тарихи және киелі жерлеріне және Ақмола облысының Біржан сал өңіріне туристік

маршруттар әзірледі. Оның ішінде киелі жерлерге баратын 5 маршрут бекітілген [10].

Ақмола облысының туристік саласын қарастыратын болсақ, 2022 жылы қызмет көрсетілген туристер саны 443 184 адамды құраған (2021 жылға қарағанда 135 % көп) (1-кесте).

1-кесте – Ақмола облысының туристік қызметінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2019	2020	2021	2022	2023*
Қызмет көрсетілген келушілер бойынша адам саны	394 935	237 671	327 754	443 184	85 616
Көрсетілген қызмет көлемі, мың теңге	7 527 645,2	6 421 629,3	10 522 812,7	17 171 499,2	3 657 900,7
Орналастыру орындарының саны, бірлік	207	311	341	340	326
Ескерту - [11] сәйкес құрастырылған					

Негізгі үш көрсеткіштері бойынша (қызмет көрсетілген келушілер бойынша адам саны; көрсетілген қызмет көлемі, мың теңге; орналастыру орындарының саны, бірлік), статистикалық мәліметтерге сәйкес 2022 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда қызмет көрсетілген келушілер саны 74 % – ға артты, 2022 жылы бұл көрсеткіш 443 184 адамды құрайды.

Нәтижесінде туристік қызметтен түсетін табыстардың тұрақты өсуі байқалады (1-кесте), жергілікті бюджетке 17 171 499,2 мың теңге (2022 жылы) көлемінде салық және басқа да төлемдер алынды, бұл 2021 жылмен асалыстырғанда 61% - ға артық. 2020 жылы көрсетілген қызмет көлемі - 6 421 629,3 құраған, бұл 2019 жылмен салыстырғанда -85% төмендендеуі пандемия уақытына байланысты.

2019 жылғы 31 мамырда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Қазақстан Республикасының туризм индустриясын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Жергілікті деңгейде бағдарлама 3 нысаналы индикаторды, республикалық деңгейдегі ТОП-10 аумақты дамыту бойынша 30 іс-шараны және туристік бағыттар мен объектілердің көліктік қолжетімділігін қамтамасыз етуді қамтиды.

Бағдарлама аясында Ақмола облысының әкімдігі келесі бағыттар бойынша жалпы сомасы 8 077,0 млн.теңгеге 30 іс-шараны жүзеге асыруда:

Республикалық деңгейдегі ТОП-10 аумақ: Щучье-Бурабай курорттық зонасы (ЩБКЗ)

1. «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымы» – 5 іс-шара (құны 4133,0 млн. теңге).

2. «Курорттық аймақты абаттандыру» – 2 іс-шара (құны 20,0 млн. теңге).

3. «Экология» – 1 іс-шара (құны 20,0 млн. теңге).

4. «Өнім ұсынысын кеңейту және жетілдіру» - 4 іс-шара (құны 275,0 млн. теңге).

5. «Инвесторларды тарту» – 2 іс-шара (қаржыландыруды қажет етпейді).

6. «Коммерциялық инфрақұрылымды дамыту» – 1 іс-шара (құны 2000,0 млн. теңге).

7. «Маркетинг және жылжыту» – 7 іс-шара (құны 352,0 млн. теңге).

8. «Оқиғалар күнтізбесі» – 1 іс-шара (құны 679,0 млн. теңге).

9. «Кадрлық стратегия» – 4 іс-шара (құны 18,0 млн. теңге).

Туристік бағыттар мен объектілердің көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету.

1. «Республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау, оның ішінде ТОП-10-ға «соңғы миль»» – 1 іс-шара (құны 150,0 млн. теңге);

2. Автомобиль көлігін және көлік инфрақұрылымын дамыту – 2 іс-шара (құны 430,0 млн. теңге).

Жоғары айтылғандарды ескере отыра, Ақмола облысындағы туризмді дамытудың салдарын жиынтық талдау келесі негізгі қорытындыларды жасауға мүмкіндік береді (2-кесте).

2-кесте – Ақмола облысының туристік саласының даму жағдайын SWOT-талдау

Мықты жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
<ol style="list-style-type: none"> 1. Облыстың тиімді экономикалық-географиялық орналасуы; 2. Биоалуантүрлілік, ландшафтардың әртүрлілігі, табиғаттың, мәдениет пен тарихтың бірегей ескерткіштерінің болуы; 3. Облыс аумағы бойынша туризмді дамыту үшін бастапқы әлеует: <ul style="list-style-type: none"> - шипажайлық-курорттық аймақ (Щучье-Бурабай курорттық аймағы); - пристольный демальс аймағы (Аршалы, Ақкөл, Шортанды, Целиноград); - киелі-қорық аймағы (Қорғалжын және Ерейментау); - табиғи аймақ (Зеренді, Сандықтау және Бұланды). 4. Өңірде туризм индустриясы үшін кадрлар даярлау бойынша жоғары оқу орындары мен колледждердің болуы; 5. Белсенді бизнес қоғамдастық, үкіметтік емес ұйымдар; 6. Орналастыру орындарындағы бәсекелестік (республикада орналастыру орындарының саны бойынша бірінші орын); 7. Visit Aqmola туристік ақпарат орталығының болуы 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Туризмнің дамыған инфрақұрылымының болмауы, оның ішінде туристік объектілерге апаратын жолдардың нашар жай-күйі; 2. Туристік бизнестегі кәсібиліктің төмен деңгейі, ұсынылатын туристік қызметтердің сапасы мен деңгейінің және бағасына қызмет көрсетудің сәйкес келмеуі; 3. Туризм саласындағы қосылған құн тізбегінің әртүрлі жергілікті қатысушылары арасындағы желілік өзара іс-қимылдың әлсіз деңгейі; 4. Қазақстанда туризмді дамытудың нысаналы бағдарламасының болуы
Мүмкіндіктері (O)	Қауіп-қатерлер (T)
<ol style="list-style-type: none"> 1. ҚР-да туризмді дамыту Тұжырымдамасы аясында кластерлеу перспективалары; 2. «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» іс-шаралар жоспары аясында инфрақұрылымды дамытуға мемлекеттік қолдау көрсету»; 3. ҚР-да қызмет көрсету саласын дамыту бағдарламасы аясында балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту; 4. Саладағы өңіраралық ынтымақтастықты дамыту; 5. Қонақ үй және мейрамхана бизнесіне инвестицияларға жеке капиталды тарту; 6. Туризм саласындағы ұлттық кәсіби қауымдастықтармен ынтымақтастық; 7. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде туризм индустриясының қажеттіліктері үшін халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық шеңбері 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өңірдегі экологиялық жағдайдың нашарлауы; 2. Туристік ұйымдардың қызметіне қолайсыз сыртқы экономикалық жағдайдың әсері. 3. Әлеуметтік және саяси факторлар: әлеуметтік шиеленістер мен саяси өзгерістер аймақтың инвестициялық климаты мен тұрақтылығына әсер етуі мүмкін.

Жоғарыда көрсетілген талдау нәтижелеріне сүйене отырып, Ақмола облысының туристік саласының дамытудағы мықты жақтары, біріншіден оның тиімді экономикалық-географиялық орналасуында, сонымен қатар биоалуантүрлілік, ландшафтардың әртүрлілігі, табиғаттың, мәдениет пен тарихтың бірегей ескерткіштерінің болуы. Қазіргі таңда аумақта туризмнің дамуына ерекше көңіл бөлінуде. Осы мақсатқа орай аумақта туризм саласын жылжыту үшін Visit Aqmola туристік ақпарат орталығының құрылған. Сонымен қатар аймақтың туризм саласын дамытуға арналған іс-шаралар жоспары бекітілген. Жоспар шеңберінде туризм саласының инфрақұрылымын жақсату, өңірде

туризмді дамытуда маусымаралық кезеңде туристік ағымын арттыру бойынша іс шаралар жүзеге асырылған.

Мықты жақтарымен қатар, әлсіз жақтары да бар: біріншіден, туризмнің дамыған инфрақұрылымының болмауы, оның ішінде туристік объектілерге апаратын жолдардың нашар жай-күйі, сондай-ақ жол бойындағы сервистің төмендігі, екіншіден, туристік бизнестегі кәсібиліктің төмен деңгейі, ұсынылатын туристік қызметтердің сапасы мен деңгейінің және бағасына қызмет көрсетудің сәйкес келмеуі, кадр тапшылығы.

Мүмкіндіктері елордаға жақын орналасуы өз кезегінде іскерлік туризмнің дамуына

үлесін қосады. Мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуде. Сұраныстың өсуіне, сонымен қатар бәсекелестіктің артуы туристік қызмет сапасы мен деңгейі өсуде.

Ақмола облысы үшін табиғи ресурстар мен дамыған инфрақұрылым сияқты өзінің мықты жақтарын барынша арттыруға назар аударып, оларды туризмді және басқа да салаларды дамыту үшін пайдалану маңызды. Сонымен қатар, әлсіз жақтарын жеңу және қауіп-қатерлерді басқару, соның ішінде экономиканың әртүрлілігі мен экологиялық тұрақтылықты нығайту стратегияларын әзірлеу қажет. Инфрақұрылымды дамыту және инновация сияқты мүмкіндіктерді тиімді пайдалану аймақтың тұрақты өсуіне ықпал етуі мүмкін.

Тұтастай алғанда, Ақмола облысында туризмді дамытудың экономикалық өсуді ынталандыру және жергілікті тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту мүмкіндігі бар. Дегенмен, бұл тұрақтылықты және экономикалық және әлеуметтік-мәдени аспектілерді теңестіруді ескере отырып, мұқият жоспарлауды талап етеді.

Қорытынды. Ақмола облысында туризмді дамытудың экономикалық тиімділігін зерттеу барысында келесі қорытындылар алынды:

– Ақмола облысында туризмнің өсуі облыс экономикасына оң әсерін тигізуде. Туризм

тері санының артуы және туризм инфрақұрылымының дамуы халықтың кірісін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға және қонақүйлер, мейрамханалар және жергілікті өнімдер сияқты салалардың дамуын ынталандырады.

– Туризм облыс бюджетіне салық түсімдерінің артуына ықпал етуде. Бұл қаражатты әлеуметтік инфрақұрылым мен халыққа қызмет көрсетуді дамытуға бағыттауға болады.

– Туризм аймақ экономикасын әртараптандыруға көмектеседі. Ауыл шаруашылығы немесе тау-кен өнеркәсібі сияқты дәстүрлі салалардан түсетін кірістер төмендеген жағдайда туризмді дамыту баламалы табыс көзіне айналуы мүмкін.

– Дегенмен, туризмді дамытудың экологиялық және әлеуметтік-мәдени аспектілерін ескеру қажет. Туристер ағынының бақылаусыз артуы табиғи ортаға және жергілікті қоғамдастыққа кері әсерін тигізуі мүмкін. Сондықтан осы аспектілерді ескере отырып, туризмді дамытуды теңестіру маңызды.

– Жоғарыдағыны ескере отырып, дұрыс жоспарлау және ықтимал келеңсіз салдарларды ескеру жағдайында Ақмола облысында туризмді дамыту экономикалық өсудің және жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсартудың маңызды көзіне айналдырады.

Әдебиеттер

- 1 Всемирная туристская организация (ЮНВТО). – Текст : электронный // <https://www.unwto.org/ru> : [сайт]. – URL: <https://www.unwto.org/ru> (дата обращения: 03.09.2023).
- 2 Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства. – Текст: электронный // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>: [сайт]. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050> (дата обращения: 25.08.2023).
- 3 Акимат Ақмолинской области. — Текст: электронный //: [сайт]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola?lang=ru> (дата обращения: 25.08.2023).
- 4 Купер К. Экономика туризма: теория и практика: учеб. пособие / К. Купер, Д. Флетчер, Д. Гильберт. СПб.: Омега, 1998. – 5 с.
- 5 Азар В.И. Экономика туристского рынка / В.И. Азар, С.Ю. Туманов. М., 1998. 274 с.
- 6 Балабанов И.Т. Экономика туризма: учеб. пособие / И.Т. Балабанов, А.И. Балабанов. М.: Финансы и статистика, 2003. – 176 с.
- 7 Боголюбов В.С. Экономика туризма / В.С. Боголюбов, В.П. Орловская. М.: Академия, 2005. – 192 с.
- 8 Карпова Г.А. Концепция устойчивого развития туризма и рекреационная деятельность на охраняемых природных территориях / Г.А. Карпова, А.В. Водовода // Материалы научно-практической конференции. СПб., 1997. – 98 с.
- 9 Нургалиева А.Ш. Мультипликативный эффект туризма региона // КазККА Хабаршы № 2 (63). – Кокшетау, 2013. – С. 190-197.
- 10 Управления предпринимательства и туризма Ақмолинской области. — Текст: электронный //: [сайт]. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upp/activities/16598?lang=ru> (дата обращения: 25.08.2023).
- 11 Бюро национальной статистики агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан. – Текст : электронный // : [сайт]. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/dynamic-tables/> (дата обращения: 25.08.2023).

References

- 1 Vsemirnaja turistskaja organizacija (JuNVTO). — Tekst : jelektronnyj // <https://www.unwto.org/ru> : [sajt]. — URL: <https://www.unwto.org/ru> (data obrashhenija: 03.09.2023).
- 2 Strategija “Kazahstan-2050”: novyj politicheskij kurs sostojavshegosja gosudarstva. — Tekst: jelektronnyj // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050>: [sajt]. — URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1200002050> (data obrashhenija: 25.08.2023).

- 3 Akimat Akmolinskoj oblasti. — Tekst: jelektronnyj //: [sajt]. — URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola?lang=ru> (data obrashhenija: 25.08.2023).
- 4 Kuper K. Jekonomika turizma: teorija i praktika: ucheb. posobie / K. Kuper, D. Fletcher, D. Gil'bert. SPb.: Omega, 1998. — 5 c.
- 5 Azar V.I. Jekonomika turistskogo rynka / V.I. Azar, S.Ju. Tumanov. M., 1998. 274 s.
- 6 Balabanov I.T. Jekonomika turizma: ucheb. posobie / I.T. Balabanov, A.I. Balabanov. M.: Finansy i statistika, 2003. — 176 s.
- 7 Bogoljubov V.S. Jekonomika turizma / V.S. Bogoljubov, V.P. Orlovskaja. M.: Akademija, 2005. — 192 s.
- 8 Karpova G.A. Koncepcija ustojchivogo razvitija turizma i rekreacionnaja dejatel'nost' na ohranjaemyh prirodnyh territorijah / G.A. Karpova, A.V. Vodovoda // Materialy nauchno-prakticheskoy konferencii. SPb., 1997. — 98 c.
- 9 Nurgalieva A.Sh. Mul'tiplikativnyj jeffekt turizma regiona // KazKKA Habarshy № 2 (63). — Kokshetau, 2013. — S. 190-197.
- 10 Upravlenija predprinimatel'stva i turizma Akmolinskoj oblasti. — Tekst: jelektronnyj //: [sajt]. — URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/aqmola-upp/activities/16598?lang=ru> (data obrashhenija: 25.08.2023).
- 11 Bjuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniju i reformam Respubliki Kazahstan. — Tekst : jelektronnyj // : [sajt]. — URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/business-statistics/stat-tourism/dynamic-tables/> (data obrashhenija: 25.08.2023).

<p>Хат-хабарларға арналған автор (бірінші автор)</p> <p>Дюсекеева Еркегуль Талгатовна, туризм магистрі, Қазақ спорт және туризм академиясы, Алматы қ., Қазақстан e-mail: erkegul-94@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0000-0002-5693-6313</p>	<p>Автор для корреспонденции (первый автор)</p> <p>Дюсекеева Еркегуль Талгатовна, магистр туризма, Казахская академия спорта и туризма, г. Алматы, Казахстан e-mail: erkegul-94@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0000-0002-5693-6313</p>	<p>The Author for Correspondence (The First Author)</p> <p>Dyussekeyeva Yerkegul Talgatovna, MSc in Tourism, Kazakh Academy of Sport and Tourism, Almaty, Kazakhstan e-mail: erkegul-94@mail.ru ORCID iD: https://orcid.org/0000-0002-5693-6313</p>
---	--	---